



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨҢІРЛІК ДАМУ МИНИСТРЛІГІ

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық
актілеріне жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту
мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы»
Қазақстан Республикасының Заңы**

АСТАНА – 2013 ЖЫЛ

ЗАҢ ЖОБАСЫН ӨЗІРЛЕУГЕ НЕГІЗДЕМЕ

◆ **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
2012 ЖЫЛҒЫ 14 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖОЛДАУЫ**

◆ **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2012
ЖЫЛҒЫ 28 ҚАРАШАДАҒЫ ЖАРЛЫҒЫМЕН
БЕКІТІЛГЕН ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫ
ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

ЗАҢ ЖОБАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Заң жобасын қабылдаудың мақсаты – жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруда азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету үшін құқықтық шарттарды жасау.

Міндеттері:

- 1) жергілікті қоғамдастықтың жиналыстары (жиындары) арқылы басқарушылық шешімдерді қабылдауда тұрғындардың қатысуын, қызығушылығын және жауапкершілігін ынталандыру жолымен жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде ауылдардың, кенттердің, аудандық маңызы бар қалалардың халқының рөлін арттыру;
- 2) аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдық округтарда, ауылдық округтардың құрамына кірмейтін ауылдарда әкімдерді тағайындау немесе сайлау кезінде маслихаттардың рөлін арттыру;
- 3) жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде басқарудың төменгі деңгейіндегі әкімдердің қаржылық және экономикалық дербестігін кеңейту.

1-МІНДЕТ.

ЖЕРГІЛІКТІ МАҢЫЗЫ БАР МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕ АУЫЛДАРДЫҢ, КЕНТТЕРДІҢ, АУДАНДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАРДЫҢ ХАЛҚЫНЫҢ РӨЛІН АРТТЫРУ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына

- ❑ ауыл халқының жиналыстарын, жиындарын қалыптастыру, өткізу және құзыреттерін реттеу (1-бап, 39-3 жаңа бап)
- ❑ жиналыстың немесе жиынның жергілікті маңызы бар мәселелерді қаржыландыру жөніндегі мәселелерді міндетті түрде талқылауы (39-3 жаңа бап)
- ❑ жергілікті халыққа жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге бөлінген бюджет қаражатын пайдалануға мониторинг жүргізуге қатысу құқығын беру (39-3 жаңа бап) **бөлігінде**
Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

2-МІНДЕТ.

ҚАЛАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАРДА, АУЫЛДЫҚ ЖӘНЕ КЕНТТІК ОКРУГТАРДА ӘКІМДЕРДІ САЙЛАУДА МАСЛИХАТТАРДЫҢ РӨЛІН АРТТЫРУ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына

Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген тәртіппен лауазымына сайланады, лауазымынан босатылады және өзінің құзыретін тоқтатады (36-бапқа өзгерту).

Әкімдерді сайлауды өткізу Ережесінен үзінді

- Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі

- Жанама сайлау құқығы аталған әкімдерді мәслихаттардың депутаттары болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары - таңдаушылар сайлайтынын білдіреді

- Әкімдікке кандидаттар ұсынуды аудан әкімі жергілікті қоғамдастықпен кеңескеннен кейін балама негізде (яғни әкім лауазымына екі кандидаттан кем болмайтындай етіп) жүзеге асырады

3-МІНДЕТ.

ЖЕРГІЛІКТІ МАҢЫЗЫ БАР МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕ БАСҚАРУДЫҢ ТӨМЕНГІ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ ӘКІМДЕРДІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДЕРБЕСТІГІН КЕҢЕЙТУ

- ✓ Бюджет кодексіне
- ✓ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне
- ✓ Салық кодексіне
- ✓ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына
- ✓ «Жарнама туралы» Заңына
- ✓ «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына

өзгертулер мен толықтырулар енгізу:

- *әкімдерге өздерінің кіріс көздерін қалыптастыру құқығын беру (әкімдердің қарамағындағы мүлікті жалға беруден түсетін кірістер, ерікті алымдар, қайырымдылық және демеушілік жарналар, айыппұлдардың жекелеген түрлері, сыртқы жарнаманы орналастыру үшін төлем, заңнамаға қайшы келмейтін басқа да көздер)*
- *жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыруға бағытталған кірістер мен шығыстарды көрсету үшін қазынашылық органдарында арнайы есеп-шоттар ашу*
- *тиімді пайдалану мақсатында, жергілікті халықтың қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыру және қосымша табыс алу үшін ауылдық әкімдерге аудандық коммуналдық меншіктің бір бөлігін (клубтарды, кітапханаларды, бала бақшаларын) беру*

БАСҚАРУДЫҢ ТӨМЕНГІ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ ӘКІМДЕРДІҢ ЖЕРГІЛІКТІ МАҢЫЗЫ БАР МӘСЕЛелЕРДІ ШЕШУДЕГІ ҚҰЗЫРЕТТЕРІН КЕҢЕЙТУ

- ✓ **Кіріс көздерін қалыптастырады**
- ✓ **Бюджетті атқару бойынша уәкілетті органда жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыруға әкім бағыттайтын қаражаттарды түсіруге арналған қолма-қол ақшаның бақылау есеп-шотын ашуды қамтамасыз етеді және жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару заңнамасында көзделген бюджеттік қаражаттарды және (немесе) түсімдерді үнемдеу есебінен жеке еңбек шарты бойынша жұмыскерлерді тартады**
- ✓ **Жергілікті қоғамдастықтың жиналысымен келістіргеннен кейін жергілікті өзін-өзі басқарудың қаражаттарының түсімдері мен шығыстарының жоспарын бекітеді**
- ✓ **Бюджеттік заңнамаға сәйкес мемлекеттік ұйымдардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) іске асырғаннан кейін оларда қалған қаражаттардың түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарын әзірлейді және бекітеді**
- ✓ **Берілген коммуналдық меншікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз мүліктік жалға (арендаға) ұсынады, олардың қызметінің басымды бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (қызметтердің) міндетті көлемін белгілейді, басқаруды жүзеге асырады және сақталуын қамтамасыз етеді, қаржыландырудың жеке жоспарларын бекітеді**

Күтілетін нәтижелер:

- 1) жиналыстар мен жиындар арқылы халықтың еркін білдіру бөлігінде азаматтардың конституциялық құқығын іске асыруды қамтамасыз ету
- 2) аудандық (қалалық) маслихаттар тарапынан аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтардың, ауылдық округтардың құрамына кірмейтін ауылдардың әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету
- 3) халықтың басқарушылық шешімдерді қабылдауға қатысуы арқылы сапалы тұрғын үй-коммуналдық қызметтерді алуға, санитарлық жағдайды, қоғамдық тәртіпті жақсартуға деген қызығушылығын арттыру
- 4) жергілікті мәселелерді шешуге қала халқының араласу белсенділігін арттыру
- 5) жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге бөлінген бюджет қаражаттарын пайдалануға мониторинг жүргізуге жергілікті халықтың қатысуы
- 6) коммуналдық меншік, қаражаттарды беру арқылы жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде төменгі деңгейдегі әкімдердің дербестігін кезеңмен және біртіндеп нығайту

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!